

^{1*} Абдраханов Д.М.  Жиренов А.А.  Бейсегулова А.К. 
^{1,2} ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК, ³ Эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Алматы, Қазақстан
E-mail: ^{1*}dinmuhammed.qo@gmail.com ²ulkiekiaksart@gmail.com
³beysegulovaak@gmail.com

КОДИКОЛОГИЯЛЫҚ, МӘТІНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ («САЙИД БАТТАЛ» ҚОЛЖАЗБАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы қорында сақталған «Сайид Баттал» қолжазбасын (инвентарлық № 432) кешенді зерттеу арқылы оның материалдық құрылымын, мәтіндік және тілдік ерекшеліктерін, «Батталнама» (بطالنامه) шығармалар дәстүріндегі орнын, сақталу жағдайын анықтау. Зерттеу әдістері – кодикологиялық, палеографиялық, салыстырмалы-текстологиялық және реставрациялық-консервациялық зерттеу әдістері. Кодикологиялық және палеографиялық әдіс қолжазбаның қағазын, дәптерлік құрылымын, жазу үлгісін, түптемесін, мәтіннің орналасу ерекшеліктерін және кейінгі жөндеу іздерін анықтауға бағытталып, нәтижесінде қолжазбаның XIX ғасырда еуропалық фабрикалық қағазға араб графикасымен, қыпшақ элементтері басым шағатай тілінде көшірілгені нақтыланды. Салыстырмалы-текстологиялық әдіс Орталық ғылыми кітапханадағы қолжазбаның мәтіндік фрагменттерін Парижде сақталған «Қисса-и Сайид Баттал Гази» (инв.№: turc340) нұсқасымен жолма-жол салыстыру арқылы жүзеге асырылды. Салыстыру нәтижесінде екі нұсқаның ортақ мәтіндік дәстүрге жататыны анықталып, сонымен бірге олардың композициялық құрылымы мен лексикалық қолданыстарында бірқатар айырмашылықтар бар екені айқындалды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – «Сайид Баттал» қолжазбасының кодикологиялық, палеографиялық, текстологиялық және реставрациялық-консервациялық ерекшеліктерінің алғаш рет өзара сабақтастықта кешенді қарастырылуымен айқындалады. Бұған дейін аталған қолжазбаның материалдық құрылымы, мәтіндік сипаты, басқа «Батталнама» нұсқаларымен арақатынасы және физикалық сақталу жағдайы арнайы кешенді зерттеу нысаны болған емес. Зерттеу міндеттерінің бірі ретінде қолжазбаның конструкциялық тұтастығы, қағаз негізі, сия қабаты мен түптемесінің сақталу деңгейіне реставрациялық-консервациялық диагностика жүргізілді. Микроскопиялық зерттеу арқылы қағаз талшықтарының морфологиялық ерекшеліктері қарастырылып, флороглюцинол сынамасы арқылы құрамында лигнин элементінің болуы тексерілді. Диагностикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде қолжазбаға механикалық тазалау, бейтараптандыру, зақымданған бөліктерін жапон қағазымен толықтыру және консервациялық нығайту жұмыстары жүргізіліп, оның физикалық жағдайы тұрақтандырылды. Зерттеу нәтижелері «Сайид Баттал» қолжазбасының «Батталнама» (بطالنامه) шығармалар дәстүрінің Қазақстан аумағында таралуы мен сақталуын айғақтайтын маңызды жазба дерек екенін көрсетеді. Қолжазбаның материалдық, тілдік және мәтіндік ерекшеліктерін өзара байланыстыра зерттеу оның пайда болу және таралу ортасын, мәтіндік дәстүрін, сондай-ақ кейінгі қолданыс тарихын нақтылауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер қолжазбаны ғылыми айналымға енгізуге, Қазақстан қорларындағы түркі жазба мұраларын зерттеуге, «Батталнама» нұсқаларының өзара мәтіндік байланысын одан әрі зерделеуге және жазба ескерткіштерді ғылыми негізде сақтау мен консервациялау тәжірибесін жетілдіруге негіз болады.

Алғыс: Мақала BR28713619 «Палеонтология, зоология, археология, археография қор жинақтарын пәнаралық зерттеу және жаңа материалдармен толықтыру («Ғылым ордасы» музейлері негізінде)» ғылыми бағдарламасы аясында әзірленді.

Кілт сөздер: Сайид Баттал, Баттал Ғази, қолжазба, кодикология, текстология, реставрация, консервация, шағатай тілі, араб графикасы, мәдени мұра.

Кіріспе

Түркі халықтарының эпикалық мұрасы түркі-ислам өркениетінің тарихи жады мен мәдени бірегейлігін сақтаған маңызды әдеби құбылыстардың бірі болып табылады. Осы мұраның құрамында «Батталнама» (بطالنامه) шығармалар желісі – тарихи тұлға туралы деректердің, халықтық аңыздардың және исламдық қаһармандық дүниетанымның синтезі негізінде қалыптасқан эпикалық шығармалар ретінде ерекше орын алады. Орта ғасырлардан бастап бұл шығармалар Анадолы, Балқан түбегі, Қырым, Еділ бойы, Кавказ, Орта Азия және Шығыс Түркістан кеңістігіне кеңінен таралып, әр өңірдің әдеби-мәдени дәстүріне бейімделу нәтижесінде көптеген қолжазбалық және мәтіндік нұсқалар қалыптастырды.

«Батталнама» (بطالنامه) желісі шығармаларының тарихи негізін VIII ғасырда Умауи (Омейяд) халифатының Византияға қарсы әскери жорықтарына қатысқан қолбасшысы Абдулла әл-Батталдың (740/122 ж.қ.б.) тұлғасы құрайды. Алайда уақыт өте келе тарихи оқиғалар ауызша эпикалық дәстүрмен сабақтасып, Баттал Ғази бейнесі ислам жолындағы күрескердің, әділдік пен қаһармандықтың символына айналған. Осылайша тарихи тұлға эпикалық кейіпкер деңгейіне көтеріліп, түркі халықтарының қаһармандық әдебиетінде орнықты көркем бейне ретінде қалыптасты.

Батталнаменің жазбаға түсу мерзімі жөнінде ғылымда бірыңғай пікір қалыптаспаған. Алғашқы зерттеушілердің бірі Х. Л. Флейшер шығарманың жазылуын XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басына жатқызса (Fleischer, 198: 50), кейінгі зерттеулерде оның қалыптасу және жазбаға түсу үдерісін XI ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басы аралығымен байланыстыратын тұжырым басымдық алды (Осак, 1992: 206).

Батталнаме дәстүрінің XIII ғасырдың ортасына дейін-ақ қалыптасқанын «Данышменднаме» (دانشمند نامه) шығармасы айқын дәлелдейді. 643 (1245–1246) жылы жазылғаны белгілі бұл шығармада «Батталнамеден» алынған жекелеген бөліктер кездесіп, Мелик Данышмендтің тегі Баттал Ғазимен байланыстырылады. Осы деректер «Батталнаменің» аталған мерзімнен бұрын жазбаға түскенін және оның сюжеттік дәстүрінің XIII ғасырдың ортасына дейін түркі әдеби ортасында орныққанын көрсетеді (Осак, 1992: 206).

«Батталнаме» түркі діни-қаһармандық эпикалық дәстүрінде XI ғасырда «Хамзанамеден» (حمزه نامه) басталып, «Әбу Мүслимнаме» (أبو مسلم نامه) және «Данышменднаме» (دانشمند نامه) арқылы жалғасып, XV ғасырда «Салтықнаме» (سلطوق نامه) шығармасымен аяқталатын әдеби тізбектің екінші буынын құрайды (Осак, 1992: 206). М. Ф. Көпрүлі Баттал Ғази туралы аңыздық циклді тарихи негізде қалыптасып, түркілік сипат алған қаһармандық эпос ретінде бағалайды (Köprülü, 1980: 257). Бұл эпикалық дәстүр кейінгі шығармаларда да сабақтастық тауып, Мелик Данышменд пен Сары Салтық бейнелерінің Баттал Ғази тұлғасымен типологиялық және генеалогиялық тұрғыдан байланыстырылуынан көрінеді. Атап айтқанда, «Салтықнаме» дәстүрінде Сары Салтық Мелик Данышменд Ғази тәрізді Әли әулетімен және Сейид Баттал Ғази ұрпақтарымен байланыстырыла отырып, көпірлерге қарсы күрес жүргізетін ғази бейнесінде сипатталады (Осак, 1979: 273–275).

Осы орайда, ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет кітапхана-музейі қорында № МРК/КП 1335 сақталған «Сайид Баттал» дастанының қолжазба нұсқасын (инвентарлық № 432, қосалқы №: МРК/КП 1135) зерттеу ерекше ғылыми маңызға ие. XIX ғасырда араб графикасымен шағатай тілінде, қыпшақтық элементтермен көшірілген бұл қолжазба Батталнаме дәстүрінің Қазақстан қорларындағы таралуын, мәтіндік өзгерістерін және жергілікті түркі жазба мәдениетімен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан аталған қолжазбаны кодикологиялық, текстологиялық және реставрациялық тұрғыдан кешенді зерттеу бір жағынан түркі эпикалық

мұрасының жазба дәстүрін тануға, екінші жағынан сирек қолжазбаларды сақтау, сипаттау және ғылыми айналымға енгізу тәжірибесін жетілдіруге бағытталады.

Зерттелу деңгейі және тарихнамалық шолу

Баттал Ғази мен «Батталнаме» дәстүрін ғылыми зерттеу XIX ғасырдағы еуропалық ориенталистикадан бастау алады. Генрих Леберехт Флейшер «Батталнамені» түрік халықтық прозасының үлгісі ретінде алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыдан қарастырды (Fleischer, 1848: 35–41, 150–169). Герман Этенің екі томдық «Die Fahrten des Sajjid Batthâl» еңбегі «Батталнаме» туралы алғашқы көлемді ғылыми зерттеулердің бірі болып, шығарманың мәтіні мен тілдік ерекшеліктерін зерттеуде маңызды орын алды (Ethé, 1871). Кейінгі еуропалық зерттеулерде Баттал Ғази туралы эпикалық дәстүрдің тарихи негіздері, араб-византия шекаралық кеңістігі және оның араб, византиялық және түркі эпикалық дәстүрлерімен байланыстары салыстырмалы түрде қарастырылды. Бұл бағыттағы зерттеулер Баттал Ғази бейнесінің тарихи тұлғадан әдеби-эпикалық қаһарманға айналу үдерісін түсіндіруге негіз қалады.

Түркия ғылымында «Батталнаме» түркі-мұсылман діни-қаһармандық әдебиетінің маңызды ескерткіштерінің бірі ретінде зерттелді. Мехмед Фуад Көпрүлі Баттал Ғази туралы аңыздық циклді тарихи негізде қалыптасып, түркілік сипат алған қаһармандық эпикалық дәстүр аясында қарастырды (Köprülü, 1980: 257). Ахмет Яшар Ожақ «Батталнаменің» қалыптасу мерзімі, тарихи негіздері, түркі эпикалық әдебиетіндегі орны және «Данышменднаме», «Салтықнаме» тәрізді кейінгі шығармалармен сабақтастығын жүйеледі (Osak, 1992: 206–208). Хасан Көксал «Батталнаме» нұсқаларының типтер жүйесі мен мотивтік құрылымын кешенді зерттеп, шығарманы зерттеуге арналған іргелі еңбек ұсынды (Köksal, 1984).

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында «Батталнаме» зерттеулерінде мәтінтану мен қолжазбатану бағыттары тереңдей түсті. Йоргос Дедес шығарманың ғылыми транскрипциясын, ағылшын тіліндегі аудармасын, түсініктемелері мен факсимилесін жариялап, «Батталнаме» мәтінін халықаралық түркологиялық зерттеулерге қолжетімді етті (Dedes, 1996). Осы кезеңдегі зерттеулер шығарманы халықтық эпос ретінде ғана емес, ортағасырлық Анадолыдағы діни, әлеуметтік және саяси дүниетанымды бейнелейтін көпқабатты жазба ескерткіш ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

«Батталнаме» дәстүрі Анадолымен шектелмей, Еділ-Орал түркілерінің жазба мәдениетінде де таралған. Татар қолжазба және баспа дәстүрінде Баттал Ғази туралы шығармалар бірнеше атаумен көшіріліп, кейін баспа арқылы таралған. Татар энциклопедиялық деректеріне сәйкес, шығарма татарлар арасында XVII ғасырдан кешікпей таралып, ең ерте белгілі татар нұсқаларының бірі 1709 жылмен мерзімделеді; Татарстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында «Қисса-и Саид-Баттал ғази» шығармасының жеті тізімі сақталған (Tatarica). Бұл деректер «Батталнаме» дәстүрінің Еділ-Орал түркілерінің жазба әдебиетінде де орныққанын көрсетеді.

«Батталнаме» желісіндегі шығармалар қазақстандық зерттеушілер назарынан да тыс қалған жоқ. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 13–14 томдарында «Ғазауат Сұлтан» дастаны ғылыми түсініктемелерімен жарияланды. Дастанның алғашқы он төрт тарауы 13-томда, жалғасы 14-томда берілген. Басылымға 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген, Маңғыстау Тыныштықұлы жариялаған, көлемі 18 094 жолдан тұратын «Ғазауат Сұлтан» нұсқасы негіз болған («Бабалар сөзі», 2005a; «Бабалар сөзі», 2005b). Сонымен қатар Нұрулла Чичиоғлу Қазақстандағы Баттал Ғази туралы қазақ тіліндегі нұсқаларды жүйелеп, олардың мәтіндік ерекшеліктері мен Қазан баспа дәстүрімен байланысын зерттеді (Cicioğlu, 2013a: 109–125). Зерттеушінің қырғыз тіліндегі «Сейид Баттал Ғази» дастанына арналған еңбегі де аталған эпикалық дәстүрдің Орталық Азия түркілері арасындағы таралу ауқымын нақтылауға мүмкіндік береді (Cicioğlu, 2013b: 427–440).

Жалпы алғанда, Баттал Ғази тұлғасы мен «Батталнаме» дәстүрі тарихи, әдеби, фольклорлық және мәтінтанулық тұрғыдан едәуір зерттелген. Дегенмен қолданыстағы еңбектердің басым бөлігі шығарманың тарихи негізіне, әдеби генезисіне, эпикалық құрылымына және жекелеген мәтіндік нұсқаларына бағытталған. Қазақстан қорларында сақталған араб графикасындағы «Сайид Баттал» қолжазбаларының кодикологиялық құрылысы, палеографиялық ерекшеліктері, мәтіндік вариативтілігі, тілдік қабаты, материалдық сақталу жағдайы мен реставрациялық ерекшеліктері кешенді зерттеу нысаны ретінде әлі де арнайы қарастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет кітапхана-музейі бөлімінде сақталған «Сайид Баттал» қолжазбасын (инвентарлық № 432, қосалқы № МРК/КП 1135) кодикологиялық, текстологиялық және реставрациялық-консервациялық тұрғыдан кешенді зерттеу Қазақстандағы «Батталнаме» қолжазбалары туралы ғылыми мәліметтерді толықтыруға және түркі жазба мұрасын зерттеу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет кітапхана-музейі бөлімінде сақталған «Сайид Баттал» дастанының қолжазба нұсқасы (инвентарлық № 432, қосалқы №: МРК/КП 1135) алынды. Қолжазба XIX ғасырда еуропалық қағазға араб графикасымен шағатай тілінде (қыпшақ тілдік элементтері басым) көшірілген.

Зерттеу кешенді пәнаралық әдіснамаға негізделіп, кодикологиялық, текстологиялық және реставрациялық-консервациялық зерттеу тәсілдерін біріктіреді.

Бірінші кезеңде кодикологиялық әдіс қолданылды. Оның аясында қолжазбаның материалдық құрылымы жан-жақты сипатталды: қағаздың түрі мен өндірістік ерекшеліктері, сұтаңбалары (бар болған жағдайда), дәптерлік құрылымы (quires), парақтардың орналасу жүйесі, бет өлшемдері, жол саны, мәтіндік өріс, сия түрлері, каллиграфиялық ерекшеліктері, араб графикасының палеографиялық белгілері, орфографиялық және графикалық ерекшеліктері, түптеу құрылымы мен кейінгі жөндеу іздері зерттелді. Сонымен қатар қолжазбаның даталануы мен шығу тегі ішкі және сыртқы кодикологиялық белгілер негізінде нақтыланды.

Екінші кезеңде текстологиялық әдіс пайдаланылды. Қолжазба мәтіні қазіргі уақытқа дейін белгілі болған Батталнама дәстүрінің түрік (بطال نامه), татар және басқа да нұсқаларымен салыстырмалы түрде талданды. Салыстыру барысында мәтіннің композициялық құрылысы, тараулардың орналасуы, сюжет желісі, ономастикалық жүйесі, тілдік ерекшеліктері, лексикалық айырмашылықтары, мәтіндік варианттар, қысқартулар мен толықтырулар анықталды. Сонымен қатар зерттеу барысында шығарманың қолжазбалық дәстүрдегі орны мен мәтіндік генеалогиясын айқындауға мүмкіндік беретін вариативті оқылымдар сарапталды.

Үшінші кезеңде реставрациялық және консервациялық зерттеу әдістері қолданылды. Қолжазбаның физикалық сақталу деңгейіне кешенді бағалау жүргізіліп, қағаз негізінің құрылымдық жағдайы, механикалық бүлінулері, биологиялық зақымдану белгілері, сия қабатының тұрақтылығы, қышқылдану дәрежесі және түптеменің техникалық жай-күйі зерттелді. Зертханалық талдау барысында қағаз талшықтарының морфологиялық құрамы микроскопиялық әдіспен анықталды, лигниннің болуы флороглюцинол сынамасы арқылы тексерілді, қағаздың сутектік көрсеткіші (pH) өлшенді, сиялардың суға төзімділігі бағаланды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қолжазбаны тұрақтандыруға бағытталған механикалық тазалау, бейтараптандыру, жапон қағазымен толықтыру, консервациялық нығайту және ғылыми реставрациялау жұмыстары халықаралық реставрациялық қағидаттар негізінде жүргізілді.

Кодикологиялық, мәтінтанулық және реставрациялық зерттеулердің нәтижелері өзара салыстырылып, қолжазбаның материалдық ерекшеліктері мен мәтіндік дәстүрі арасындағы байланыстар кешенді түрде бағаланды. Мұндай интеграциялық тәсіл «Сайид Баттал» қолжазбасының шығу тегі, көшірілу ерекшеліктері, мәтіндік эволюциясы және сақталу деңгейі жөнінде ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Кодикологиялық зерттеулер

Зерттеліп отырған «Сейид Баттал» қолжазбасы XIX ғасырдағы Орталық Азиядағы кітап мәдениетінің материалдық ерекшеліктерін сақтап қалған қолжазба болып табылады. Кодикологиялық зерттеу барысында қолжазбаның физикалық құрылымы, жазу материалы, кітап блогының ұйымдастырылуы, түптеу технологиясы және сақталу деңгейі кешенді түрде қарастырылды.

Қолжазба реставрациялау жұмыстары басталғанға дейін конструкциялық тұтастығын едәуір жоғалтқан күйде болды. Кітап блогы бірнеше дербес дәптерлерге ажыраған, бастапқы түптеу жіптерінің көпшілігі үзіліп немесе босап қалған, ал омыртқа бөлігі (spine) толықтай дерлік бұзылған. Нәтижесінде мәтін блогы мұқабамен байланысын жоғалтқан және парақтардың бір бөлігінің орын ауысуы қаупі қалыптасқан. Мұндай бұзылулар қолжазбаның ұзақ уақыт бойы қарқынды пайдаланылғанын және бірнеше кезеңдік механикалық жүктемеге ұшырағанын көрсетеді.

Фотоматериалдар мен түпнұсқаға жүргізілген бақылаулар кітаптың бастапқы түптеу конструкциясының кейінгі кезеңдерде бірнеше мәрте жөнделгенін дәлелдейді. Қолжазбаның түпнұсқа мұқабасы – тұтас-былғары мұқаба. Түпнұсқа мұқаба сыртынан матамен қорғаныс қабы тігілген. Бұл матадан жасалған қорғаныс қабы бастапқы түптеу элементіне жатпайды және кейінгі пайдаланушылар тарапынан кітап блогын сақтап қалу мақсатында жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижесі болуы ықтимал. Сонымен қатар түп аймағында бірнеше кезеңге тән әртүрлі жіптердің қолданылуы қолжазбаның кемінде бір рет қайта тігілгенін көрсетеді. Әрі, соңғы тігіс шығыс немесе ислам дәстүріндегі тігіс емес, архивтік әдіспен тігілгені нақты дәлелденді.

Қолжазба еуропалық өндірістегі фабрикалық қағазға көшірілген. Бұған дәлел ретінде қолжазбаның 23-24 бетінде орналасқан штемпельді (штемпель - қағаз бетіне бедерлі сурет немесе мәтін ойылып жасалған, қағазға немесе басқа материалдарға таңба (оттиск) түсіруге арналған арнайы құрал) мысалға келтіре аламыз. Яғни, бұл таңбада «Товарищес:Уральс:/фабрики/№4» деген мәтін бар. Қағаз тарихына терең үңілер болсақ, қағаз Орал аймағы қағаздарынан және 1872 жылдан XX ғасырдың басына дейін шыққан (Белобородов, 1997: 31). Штемпельдегі №4 саны қағаз сапасын көрсетеді. Ең бағалы және жоғары сапалы фабрикалық қолжазба қағаздары №1 мен №ң қағаздар аралығында болды және бұл қағаздар, №4 қағаздан басқасы, штемпель немесе су белгілерімен (водяные знаки) таңбаланбаған, әрі өте қымбат болды. Қағаз ақшыл-сарғыш реңкті, беті тегіс және біркелкі престелген. Парақтардың көпшілігінде табиғи қартаю нәтижесінде сарғаю, шеттік үгітілу, қатпарлану және механикалық деформациялар байқалады.

Мәтін қыпшақ элементтері қосылған шағатай тілінде, араб графикасының Орталық Азиядағы насталиқ (نستعلیق) үлгісімен көшірілген. Жазу кәсіби каллиграф-хаттат қолына тән біркелкілікпен орындалған. Әр бетте мәтін бір бағанға орналасқан, жолдар саны орта есеппен 21-23 (мұны нақты санап алған дұрыс). Жоларалық қашықтық тұрақты сақталған, мәтін өрісі алдын ала жоспарланған композиция бойынша ұйымдастырылған. Мәтін астында *рик'а* кустодалары (кустода – парақтың төменгі жиегіне жазылып, келесі беттің немесе келесі парақтың алғашқы сөзін қайталайтын кодикологиялық элемент) бар.

Мәтін қара түсті сиямен жазылған. Бірқатар беттерде сияның біртіндеп қоңырлануы және қарқындылығының әлсіреуі байқалады. Бұл құбылыс темір-галлды сиялардың табиғи

тотығуына тән белгілердің бірі болуы мүмкін. Сонымен бірге жазу орналасқан аймақтарда қағаздың салыстырмалы сынғыштығы байқалады. Алайда сияның химиялық құрамын нақты анықтау тек XRF немесе Raman спектроскопиясы сияқты бейинвазивті аналитикалық зерттеулер нәтижесінде ғана мүмкін болады. Сондықтан қазіргі кезеңде темір қосылыстарының болуы болжам ретінде қарастырылады.

Осы қолжазбаның ең құнды ерекшелігі – оның пайдалану тарихының материалдық іздерінің толық сақталуы. Қайта тігілген түп, матамен күшейтілген мұқаба, химиялық зақымдар, бірнеше кезеңдік жөндеу белгілері және табиғи қартаю іздері қолжазбаның тек мәтіндік дерек қана емес, сонымен бірге Орталық Азиядағы кітап айналымы мен пайдалану мәдениетін сипаттайтын материалдық тарихи ескерткіш екенін дәлелдейді.

Текстологиялық зерттеулер

Қолжазбаның титулдық бетіндегі (recto) мәтіннің едәуір бөлігі парақтың өте нашар физикалық сақталу жағдайына байланысты жоғалған немесе қатты бүлінген. Соның салдарынан сақталған мәтін тек жекелеген фрагменттер түрінде ғана оқылады, ал олардың бастапқы құрылымы мен логикалық бірізділігін толық қалпына келтіру қазіргі жағдайда мүмкін болмай отыр. Ал, титулдық беттің ішкі бетінде (verso), яғни шығарманың негізгі мәтіні басталатын алғашқы парақта жазу жақсырақ сақталған. Бұл бет:

«قصه سيد بطال غازي»
Qiṣṣat Sayyid Baṭṭāl Ghāzī
Сейид Баттал Ғази қиссасы

(Сейид Баттал: XIX: 2r)

деген шығарма атауымен басталады. Атаудың алдында автордың немесе көшірушінің есімі берілуі ықтимал, алайда парақтың жоғарғы бөлігіндегі елеулі механикалық бүлінулерге байланысты оны нақты анықтау мүмкін болмады. Бұдан кейін ислам қолжазба дәстүріне тән дәстүрлі «басмала¹»:

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
Bismillāhir-Raḥmānir-Raḥīm
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен

(Сейид Баттал: XIX: 2r)

берілген. Бұл қолжазбаның классикалық исламдық кітап жазу дәстүріне сәйкес рәсімделгенін көрсетеді.

Кейінгі мәтін салауат:


الحمد لله رب العالمين، والعاقبة للمتقين، والصلاة والسلام على خير خلقه
al-Ḥamdu li-llāhi rabbil-‘ālamīn, wa-l-‘āqibatu li-l-muttaqīn, wa-ṣ-ṣalātu wa-s-salāmu ‘alā khayri khalqihī
Барлық мадақ әлемдердің Раббысы – Аллаға тән. Ізгі ақырет тақуаларға бұйырсын. Алланың игілігі мен сәлемі Оның жаратқандарының ең қайырлысына болсын
محمد وآله وأصحابه ... أجمعين
Muḥammadin wa-‘ālihi wa-aṣḥābihi ajma‘īn...
Мұхаммедке, оның әулетіне және барлық сахабаларына...

(Сейид Баттал: XIX: 2r)

¹ Бисмиллә сөзін беруде қолданылатын термин

Өкінішке орай, қолжазбаның дәл осы мәтіндік бөлігі қағаз негізінің едәуір көлемде жыртылып, кейбір фрагменттерінің жоғалуымен сипатталатын күрделі механикалық зақым аймағына сәйкес келеді. Жыртылу ақауы мәтін жолдарын бойлай өтіп, жекелеген әріптердің, сөздердің және тұтас тіркестердің ішінара жойылуына алып келген. Соның салдарынан аталған бөліктің мәтінін толық әрі сенімді түрде қалпына келтіру, палеографиялық ерекшеліктерін анықтау және мазмұндық құрылымын кешенді зерттеу мүмкіндігі шектеледі. Сақталған мәтін үзіктері белгілі бір дәрежеде оқылғанымен, лакуналардың көлемі бастапқы мәтіннің толық реконструкциясын жасауға жеткілікті негіз бола алмайды.

Осы жағдай ескеріле отырып, кейінгі мәтінтанулық зерттеудің негізгі нысаны ретінде «Ғылым ордасы» мекемесінің қорында сақталған қолжазба нұсқасының үшінші парағының алдыңғы жағы - 3r (recto) таңдалды. Бұл беттегі мәтін салыстырмалы түрде жақсы сақталған, жазу жолдарының басым бөлігі анық оқылады және мәтіннің құрылымдық, графикалық әрі тілдік ерекшеліктерін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында мәтінді жолдар мен мағыналық бірліктер бойынша ажыратып көрсетуге негізделген таңбалану әдісі қолданылды. Аталған әдіс мәтіндегі сөздердің орналасуын, жоларалық байланыстарды, көшіруші тарапынан енгізілген ықтимал өзгерістерді, түсіп қалған немесе қосылған элементтерді және нұсқалар арасындағы айырмашылықтарды нақты белгілеуге жағдай жасайды.



1-сурет. ОҒК қорындағы «Сейид Баттал» қолжазбасының 3 беті.

Таңбалануы (түпнұсқа жолдары бойынша)

1/ سونک رسول عالم صلى الله عليه و سلم قول کوتاریب دعا قیلدیлар اولتورغان بار چه
2/ آمین دیدیلار حضرت حق سبحانه وتعالی قبول قیلدی و اندین سونک بر نچه کوندین
3/ سونک پیغمبر خدا صلى الله عليه وسلم دارو الفنادین دار البقاغه رحلت قیلدیлар خلافت
4/ حضرت ابوبکر صدیقغه قالدی (یکی یاریم) آلتی یل حضرت ابوبکر خلیفه بولدی ثانی دنیادین
5/ کوچدیлар سونکره عمر بن خطاب رضی الله عنه غه قالدی حضرت عمر هم (اون یарим یل)
6/ خلیفه بولدیлар ثانی دنیادان کوچدیлар اندین عثمان رضی الله عنه غه قالدی عثمان رضی الله
7/ عنه هم اون ایکі یل خلیفه بولدیлар آخر (کوفه ده شهید بولدیлар آندین سونک امام حسن)
8/ دنیادین تغه رحلت قیلدیлар اندین سونک علی رضی الله عنه غه قالدی علی رضی الله عنه آلتی
9/ یل خلیفه بولدیлар اندین کوفه دا شهید بولدیлар اندین سونک اندین سونک
10/ امام حسن اولتوردیلار ایکі یلده دنیадан کوچدیлар ینه امام حسین اولتوردیلар

(Сейид Баттал: XIX: 3v)

Мәтіннің латын әріптерімен таңбалануы:

synk rasūl-i ‘ālam ṣallā-llāhu ‘alayhi wa sallam qūl kūtarīb du ‘ā qīldīlār ūltūrgān bār ṣha
āmīn dīdīlār ḥaḍrat-i ḥaq subḥānahū wa ta ‘ālā qabūl qīldī ua andīn šūnk bir niḥa kūndīn
synk payğambar-i ḥudā ṣallā-llāhu ‘alayhi wa sallam dāru-l-fanādīn dāru-l-baqāğa riḥlat qīldīlār
ḥilafat
ḥaḍrat-i abū bakr ṣiddīq ġa qāldī ykī iārim[altī] yyl ḥaḍrat-i abū bakr ḥalīfa būldī sā nī dunyādīn
kūčdī lār šūnkra ‘umar ibn ḥattāb raḍiya-llāhu ‘anhu ġa qāldī ḥaḍrat-i ‘umar ham ūn iārim yyl
ḥalīfa būldī lār sānī dunyādān kūčdī lār andīn ‘usmān raḍiya-llāhu ‘anhu ġa qāldī ‘usmān raḍiya-llāh
‘anhu ham ūn ykī yyl ḥalīfa būldī lār aḥir kūfehda shahīd būldī lār andīn šūnk imam ḥasan
dunyādīn tağy riḥlat qīldīlār andīn šūnk ‘alī raḍiya-llāhu ‘anhu ġa qāldī ‘alī raḍiya-llāhu ‘anhu āltī
yyl ḥalīfa būldī lār andīn kūfa dā šahīd būldī lār andīn šūnk andīn šūnk
imām ḥasan ūltūrdīlār ykī ylde dunyādān kūčdīlār īana imam ḥusain ūltūrdīlār

(Сейид Баттал: XIX: 3v)

Аудармасы:

«Содан соң Алланың елшісі (с.ғ.с.) қолын көтеріп дұға жасады. Отырғандардың бәрі «әмин» деді. Алла тағала [дұғаны] қабыл қылды. Одан соң бірнеше күннен кейін Алланың пайғамбары (с.ғ.с.) пәни дүниеден баки дүниеге көшті. Халифалық (ісі) хазіреті Әбу Бәкір Сыддыққа жүктелді. Екі жарым жыл [алты ай] хазіреті Әбу Бәкір халифа болды, кейін дүниеден өтті. Содан соң (билік) Омар ибн Хаттабқа (р. а.) қалды. Хазіреті Омар да он жарым жыл халифа болды, кейін дүниеден өтті. Соңыра (билік ету ісі) Османға (р. а.)² қалды. Осман (р. а.) да он екі жыл халифа болды, [нәтижесінде Куфада шейіт³ болды. Одан соң имам Хасан] ол кісі дүниеден көшті. Халифалық Әлиге (р. а.) қалды. Әли алты жыл халифа болды, сонан соң Куфада шәһид болды. Одан кейін, одан кейін... Имам Хасан (билікте) отырды, екі жылдан соң дүниеден өтті. Соңыра Имам Хусейн отырды...» (Сейид Баттал: XIX: 3v)⁷

ОҒК қорында сақталған қолжазба нұсқасының жоғарыда таңбаланған мәтіндік бөлігі шығарманың тарихи-діни мазмұндағы кіріспе желісін қамтиды. Бұл фрагментте Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дүниеден өтуі, одан кейінгі халифалық биліктің Әбу Бәкір Сыддыққа, Омар ибн Хаттабқа, Осман ибн Афғанға және Әли ибн Әбу Талибке өту реті баяндалады.

² («радиаллау аңу», яғни Алланың оған разылығы болсын сөзінің қысқартылған түрі)

³ шайқаста қаза табу

Сондай-ақ мәтіннің соңғы бөлігінде имам Хасан мен имам Хусейннің есімдері аталып, оқиға желісі ислам тарихындағы алғашқы халифалар кезеңінен Әли әулетіне қатысты баяндауға ауыса бастайды. Осы тұрғыдан алғанда, аталған үзінді шығарманың негізгі қаһарманы Сейіт Баттал Ғазиге қатысты оқиғаларға кіріспе қызметін атқаратын генеалогиялық және тарихи алғышарттарды қалыптастырады.

Мәтіннің құрылымынан хронологиялық баяндау үлгісі анық байқалады. Оқиға автор тарапынан «سونک», «اندين سونک», (мағынасы: кейіннен, соңыра) тәрізді жалғастырушы формулалар арқылы тізбектеліп берілген. Мұндай баяндау тәсілі діни қиссалар мен эпостық жанрға тән ауызша-жазбаша дәстүрдің белгілерін танытады. Сонымен қатар мәтінде араб-парсы тілдерінен енген діни және әкімшілік атаулар, дұғалық формулалар мен құрмет білдіретін тұрақты тіркестер молынан кездеседі. Олардың қатарында *rasūl-i ‘ālam*, *raṣṣambar-i ḥudā*, *ḥaḍrat-i ḥaḡ*, *dāru-l-fanā*, *dāru-l-baḡā*, *ḥalīfa*, *ṣahīd* секілді лексикалық бірліктер бар. Бұл қолданыстар қолжазба тілінің түркілік негізімен қатар, исламдық жазба дәстүрдің араб-парсылық қабатымен тығыз байланысын көрсетеді.

ОҒК нұсқасының мәтінінде көшірушінің жазу машығына, жергілікті тілдік ортаға және қолжазбаның физикалық сақталу жағдайына байланысты бірқатар ерекшеліктер байқалады. Кейбір сөздердің әртүрлі графикалық нұсқада берілуі, жалғаулардың бірде бірге, бірде бөлек жазылуы, жекелеген әріптердің көмескіленуі және механикалық зақым салдарынан кейбір тіркестердің толық оқылмауы мәтінді қалпына келтіруде белгілі бір қиындықтар туғызады. Мәселен, Әбу Бәкірдің халифалық мерзіміне қатысты «екі жарым» және «алты жыл» оқылымдарының қатар берілуі, сондай-ақ Осман мен имам Хасанға қатысты жолдардағы мәтіндік көшіру барысында орын алған ықтималды ауысуларды, үстеме жазбаларды немесе кейінгі түзетулерді аңғартады. Осы себепті мұндай тұстарды тек бір нұсқа негізінде түпкілікті қалпына келтіру жеткіліксіз.

ОҒК нұсқасындағы мәтіннің кейбір жолдарында тарихи деректердің дәстүрлі нұсқалардан өзгеше берілуі де назар аудартады. Әсіресе халифалардың билік еткен мерзімі мен шейіт⁴ болған орнына қатысты мәліметтерде мәтіндік сәйкессіздіктер ұшырасады. Бұл айырмашылықтар авторлық баяндаудың ерекшелігінен, көшірушінің қателігінен, қолжазбадағы жолдардың орын алмасуынан немесе кейінгі редакциялық араласудан туындауы ықтимал. Сондықтан аталған фрагментті зерттеу барысында тарихи мазмұнды нақтылау ғана емес, мәтіннің қалыптасу және көшірілу үдерісін анықтау да маңызды.


Осыған байланысты ОҒК нұсқасының таңдалған бөлігі Париж қорында сақталған қолжазбадағы (Qīṣṣat: 4) мазмұны сәйкес келетін мәтіндік фрагментпен салыстырылады. Салыстырмалы талдау барысында оқиғалардың берілу реті, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрылымы, тарихи тұлғалардың есімдері, діни формулалардың жазылуы, халифалық мерзімдерге қатысты сандық мәліметтер және нұсқалардағы ықтимал түсірілімдер мен толықтырулар қарастырылады. Париж нұсқасы ОҒК мәтініндегі көмескі немесе зақымдалған тұстарды нақтылауға мүмкіндік беретін салыстырмалы дереккөз ретінде пайдаланылады.

Сонымен бірге Париж нұсқасындағы (Qīṣṣat: 4) мәтін ОҒК қолжазбасындағы барлық лақуналарды сөзбе-сөз толықтыратын абсолютті негіз ретінде қабылданбайды. Екі қолжазба да белгілі бір мәтіндік дәстүрдің дербес нұсқалары ретінде қарастырылып, олардың әрқайсысының өзіндік орфографиялық, лексикалық және редакциялық ерекшеліктері ескеріледі. Сондықтан салыстырудың негізгі мақсаты бір нұсқаны екіншісімен алмастыру емес, олардың ортақ мәтіндік негізін, өзара сабақтастығын және айырмашылықтарының сипатын анықтау болып табылады.

Осы әдістемелік ұстаным негізінде келесі бөлімде Париж нұсқасының (Qīṣṣat: 4) сәйкес фрагменті жолма-жол таңбаланып, латын графикасына транслитерацияланады және қазақ

⁴ Шайқаста қаза табу

тіліне аударылады. Бұдан кейін екі нұсқа арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтар мәтіндік, тілдік және құрылымдық тұрғыдан жүйелі түрде сараланады.



2-сурет. «Сейид Баттал» дастанының Париж нұсқасы, 4 бет
Таңбалануы (түпнұсқа жолдары бойынша)

ديدى عبدالوهاب دست خطى الدى يوزين اوردى
سقلادى چون رسالت تمام اولدى رسول عليه ...
السلام بو دارو الفنادين دار البقايه رحلت ايتدى
خلافت ابوبكره دكدى ايكى بوجوق يل خليفه اولدى
اندىن خلافت عمره دكدى اون ايكى بوجوق يل خليفه
اندىن صكره خلافت عثمانه دكدى اون اوچ ييل
خليفه اولدى اندىن صكره خلافت عليه دكدى
دورت ييل خليفه اولدى اندىن صكره الى يزيد خروج
قديلار حسين شهيد قديلار اولادى على جمله
پرا كنده اولدى لر خلافت بعضه يزيد دوتدى

(Qışsat: 4)

Мәтіннің латын әріптерімен таңбалануы:

dīdī ‘abdu-l-wahhāb dast ḥattī aldī ūzryn urdī
saqlādī. čün risālat tamām uldī rasūl ‘alayhi
as-salām ma‘bū dāru fanādan dāru baqāya riḥlat yt dī
ḥilāfat abū bakra dikdī ykī bū čūq yyl ḥalīfa uldī
andan ḥilāfat ‘umar dikdī ūn ykī bū ġūq yyl ḥalīfa
andan šunra ḥ ilāfat ‘usmāna dikdī ūn ūč yyl
ḥalīfa uldī andan šunra ḥilāfat ‘alyya dikdī
dūrt yl ḥalīfa uldī andan šunra ali yazid ḥuruġ
qldīlār khusain šahīd qildīlār awlādī ‘alī ġumla
para kūnanda uldī lar ḥilāfat ba‘dah yazid dutdī

(Qışsat: 4)

Мәтін аудармасы:

«Абдул-Уаһһаб [деген кісі] айтты: қолхатты алып бетін сипады және сақтап қойды. Пайғамбарлық міндет аяқталған еді, Алланың елшісі (с.ғ.с.) пәни дүниеден бақи дүниеге аттанды. «Халифалық [билік ету ісі] Әбу Бәкірге келді, екі жылдан астам халифа болды».

«Одан кейін халифалық Омарға келді, он екі жылға жуық халифа болды». Одан кейін халифалық Османға келді, он үш жыл халифа болды. Одан кейін халифалық Әлиге келді, төрт жыл халифа болды. Одан кейін Йазид әулеті [кезеңі] келді. Хүсейнді шейіт етіп өлтірді. Әлидің барлық перзенттері жан-жаққа тарап кетті (қудалауға ұшырады). Халифалықты кейіннен Йазид иемденді». (Qışsat: 4).

Париж нұсқасының қарастырылған мәтіндік үзіндісі мазмұндық жағынан ОҒК қорындағы қолжазбамен ортақ тарихи желіні сақтағанымен, мәтіннің композициялық құрылымы, баяндау тәсілі және тарихи оқиғалардың берілуінде бірқатар айырмашылықтар байқалады. Екі нұсқада да Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дүниеден өтуінен кейінгі халифалардың сабақтастығы баяндалғанымен, Париж қолжазбасында оқиғалар ықшам әрі жинақы түрде берілген. Мұнда әрбір халифаның билікке келуі қысқа формулалар арқылы ғана көрсетіліп, артық түсіндірмелер кездеспейді.

ОҒК нұсқасында тарихи баяндау діни формулалармен молынан толықтырылып, құрмет білдіретін тұрақты тіркестер (ṣallā-llāhu ‘alayhi wa sallam, raḍiya-llāhu ‘anhu, ḥaḍrat) жүйелі түрде қолданылса, Париж нұсқасында мұндай формулалардың саны едәуір азайған. Бұл көшірушінің мәтінді ықшамдау үрдісін немесе мәтіндік дәстүрдің басқа редакциясына сүйенгенін көрсетуі мүмкін.

Сонымен қатар екі қолжазба арасында халифалардың билік еткен мерзімдеріне қатысты мәтіндік айырмашылықтар кездеседі. ОҒК нұсқасында Әбу Бәкірдің, Омардың, Османның және Әлидің халифалық жылдары басқа көрсетілсе, Париж нұсқасында нұсқасындағы (Qışsat, 4 бет) олардың мерзімдері өзгеше берілген. Мұндай алшақтықтар көшірушілердің әртүрлі мәтіндік дәстүрді пайдаланғанын немесе кейінгі редакциялық өзгерістердің нәтижесі екенін аңғартады.

Париж нұсқасының тағы бір ерекшелігі Әли әулетіне қатысты оқиғалардың қысқаша болса да бірізді берілуі. Әсіресе Йазидтің билікке келуі, имам Хүсейннің шәһид болуы және Әли ұрпақтарының тағдыры туралы мәліметтердің бір мәтіндік блокқа топтастырылуы шығарманың тарихи баяндауын нақтылай түседі. Ал ОҒК нұсқасында осы бөлімнің жекелеген жолдары механикалық зақымдану салдарынан толық сақталмағандықтан, мәтіндік сабақтастық үзіліп қалады.

Жалпы алғанда, ОҒК және Париж қолжазбаларының нұсқасындағы (Qışsat, 4 бет) салыстырмалы мәтінтанулық талдауы екі нұсқаның бір мәтіндік дәстүрден тарағанымен, олардың редакциялық өңделуі мен көшіру ерекшеліктерінде елеулі айырмашылықтардың қалыптасқанын көрсетеді. Париж нұсқасы мәтінінің ықшамдылығымен, тарихи оқиғалардың жүйелі берілуімен және композициялық тұтастығымен ерекшеленсе, ОҒК нұсқасы діни формулалардың мол сақталуымен, баяндаудың кеңірек берілуімен және жекелеген тұстардағы көшіруші енгізген толықтыруларымен сипатталады. Сонымен қатар ОҒК қолжазбасындағы механикалық зақымдар мен мәтіндік лакуналарды Париж нұсқасы арқылы салыстырмалы түрде нақтылау мүмкіндігі туды. Осылайша, екі қолжазбаны қатар қарастыру шығарманың мәтіндік тарихын, көшіру дәстүрін және редакциялық өзгерістерін анықтауда маңызды ғылыми дерек көзі болып табылады.

1) *Реставрациялық талдау*

«Сейид Баттал Ғази» қолжазбасын реставрациялау барысында кітапханалық және қолжазба материалдарын консервациялауда қолданылатын түпнұсқа материалды барынша сақтау, араласуды шектеу, материалдардың үйлесімділігін ескеру, сақтау жағдайларын тұрақтандыру және орындалған жұмыстарды құжаттау қағидаттары басшылыққа алынды (Adcock, 1998).

Реставрациялық шешімдерді қабылдау алдында қолжазбаға кешенді кодикологиялық, материалтанулық және консервациялық зерттеу жүргізілді. Кітап және архив материалдарын консервациялау тәжірибесінде реставрациялық әдісті таңдау нысанның материалдық

құрылымын, зақымдану сипатын және оның сақталу жағдайын алдын ала зерттеумен байланыстырылады (Petherbridge, 1987).

Қолжазбаның бастапқы зерттеуі барысында кітап блогының конструкциялық тұтастығы едәуір бұзылғаны анықталды. Дәптерлер арасындағы байланыс әлсіреген, түп аймағындағы бастапқы тігістердің басым бөлігі үзілген, омыртқа бөлігі бірнеше рет қайта жөнделген. Мұқаба мен кітап блогының байланысы толықтай дерлік жоғалып, парақтардың орын ауыстыру қаупі қалыптасқан. Сонымен қатар қағаздың табиғи қартаюына байланысты талшықтардың механикалық беріктігі төмендеп, көптеген парақтардың шеттерінде жыртылу, үгітілу, қатпарлану және деформация байқалды. Бұл жағдайлар қолжазбаны толық бөлшектемей реставрациялау мүмкін еместігін көрсетті.

Реставрацияның алғашқы кезеңінде визуалды диагностика жүргізілді. Әрбір дәптердің орналасу реті, парақтардың бүтіндігі, бұрын жүргізілген жөндеу іздері, механикалық, физикалық және биологиялық зақымданулар карталандырылды. Сонымен қатар мәтіндік блоктағы сияның сақталу деңгейі, былғары мұқабаның тозу сипаты, мата қаптаманың жағдайы және кейінгі кезеңдерде енгізілген құрылымдық өзгерістер жеке бағаланды. Диагностикалық мәліметтердің барлығы реставрациялық паспортқа енгізіліп, фотограмметриялық құжаттау арқылы бекітілді.

Келесі кезеңде қолжазба *Spirabilia* төмен қысымды вакуумдық жүйесінде құрғақ тазалаудан өткізілді. Бұл технология қағаз талшықтарына механикалық қысым түсірмей, олардың арасына енген шаң-тозаң бөлшектерін қауіпсіз жоюға мүмкіндік береді. Құрғақ тазалау қағаздың кейінгі химиялық және механикалық өңдеуінің тиімділігін арттырып, микроорганизмдердің дамуына қолайлы орта қалыптастыратын органикалық ластанулардың мөлшерін азайтты.

Қолжазбаға кез келген ылғалды өңдеу әдістерін қолданар алдында қағаздың қышқылдық көрсеткіші (рН) анықталды. рН көрсеткіші қағаз талшықтарының гидролитикалық бұзылу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және реставрациялық ерітінділерді таңдауда негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сонымен қатар сия тұрақтылығы арнайы сынамалар арқылы тексерілді. Бұл зерттеу темір-галл сиясының немесе суда еритін органикалық бояғыштардың ерітінді әсерінен жайылып кету қаупін анықтау үшін жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде сия қабатының тұрақтылығы қанағаттанарлық деп бағаланып, жекелеген парақтарға жергілікті ылғалды өңдеу әдістерін қолдануға мүмкіндік берді (Banik, Brückle, 2011).

Барлық дәптерлер мен парақтарға бақылау нөмірлері қойылғаннан кейін кітап блогы түпнұсқа мұқабадан ажыратылды. Бөлшектеу жұмыстары барысында әрбір дәптердің бастапқы орналасу тәртібі, тігіс бағыты, түп құрылымы және конструкциялық ерекшеліктері тіркелді. Бұл мәліметтер кейін кітап блогын тарихи құрылымына барынша жақын түрде қайта жинақтауға мүмкіндік берді.

Парақтарды механикалық тазарту бірнеше кезеңде жүргізілді. Алдымен жұмсақ өшіргіш үгіндісі арқылы беткі ластанулар алынды. Кейін мақта тампондарымен әлсіз жабысқан шаң қабаты тазартылды. Қағаз бетіне жабысып қалған қатты кірлер мен ескі желім қалдықтары хирургиялық скальпель көмегімен микроскоп астында алынып тасталды. Кейбір локальды аймақтарда метилцеллюлоза гелі қолданылып, кір қабаты жұмсартылғаннан кейін механикалық жолмен алынды. Мұндай кезеңдік тәсіл қағаз құрылымына қосымша механикалық кернеу түсірмеуге мүмкіндік берді.

Жыртылған және жетіспейтін бөліктерді толықтыру барысында ұзын талшықты реставрациялық қағаз және қолмен дайындалған жапон қағазы пайдаланылды. Бұл материалдардың талшықтық құрылымы тарихи қағаздың механикалық қасиеттеріне жақын болғандықтан, жаңа толықтырулар бастапқы материалмен үйлесімді байланыс түзеді. Желімдеу үшін бейтарап ортадағы метилцеллюлоза қолданылды. Бұл желімнің басты

артықшылығы - химиялық тұрақтылығы, қартаю кезінде түсінің өзгермеуі және болашақта қажет болған жағдайда судың көмегімен оңай ажыратылуы.

Қалпына келтірілген парақтар табиғи жағдайда кептіріліп, кейін фальцовка жүргізілді. Әрбір дәптер бастапқы бүктелу геометриясына сәйкес қалыптастырылып, престеу арқылы ішкі кернеулер жойылды. Бұл операция қағаздың жазықтығын қалпына келтіріп қана қоймай, кейінгі түптеу кезінде дәптерлердің дәл орналасуын қамтамасыз етті.

Кітап блогын қайта жинақтау кезінде шығыс ислам кітаптарының дәстүрлі тізбекті тігіс әдісі қолданылды. Бұл әдіс исламдық қолжазбалардағы тарихи түптеу технологиясына сәйкес келіп, дәптерлердің табиғи қозғалысын сақтай отырып, конструкцияның ұзақ мерзімді беріктігін қамтамасыз етеді. Кейін блок түбі реставрациялық марлямен күшейтіліп, бейтарап желім арқылы бекітілді. Мұндай күшейту кітап ашылған кезде омыртқа аймағына түсетін механикалық жүктемені біркелкі таратады.

Түпнұсқа былғары мұқабаға жеке реставрациялық өңдеу жүргізілді. Былғары беті құрғақ және жартылай ылғалды механикалық тазалау арқылы кірден тазартылып, құрылымдық әлсіз аймақтары нығайтылды. Жетіспейтін бөліктер қасиеттері түпнұсқа материалға жақын реставрациялық былғарымен және арнайы қағаз негізімен толықтырылды. Жаңа енгізілген элементтер тарихи материалдан визуалды ажыратылатын, бірақ жалпы эстетикалық тұтастықты бұзбайтын деңгейде орындалды. Бұл халықаралық реставрация тәжірибесінде қабылданған танымалдық (recognizability) қағидатына сәйкес жүзеге асырылды.

Реставрация аяқталғаннан кейін кітап блогы түпнұсқа мұқабаға қайта орнатылып, қолжазба толық жиналды. Соңғы кезеңде реставрациядан кейінгі фотофиксация жүргізіліп, «дейінгі» және «кейінгі» жағдай салыстырмалы түрде құжатталды. Қолжазбаның тарихи құндылығы бар барлық қосымша элементтері, соның ішінде кейінгі кезеңдердегі мата қаптамасы, қолжазба ішінде сақталған жеке жазбалар мен ескертпелер түпнұсқа артефакт ретінде жеке консервациялық файлдарға орналастырылды. Реставрациялық паспорт, фотодеректер және орындалған жұмыстардың толық сипаттамасы электрондық деректер қорына енгізіліп, қолжазбаның ғылыми-реставрациялық құжаттамасы қалыптастырылды.

Жүргізілген кешенді реставрациялық-консервациялық жұмыстар нәтижесінде қолжазбаның құрылымдық тұрақтылығы толық қалпына келтіріліп, қағаздың әрі қарай механикалық бұзылу қаупі едәуір төмендетілді. Сонымен бірге түпнұсқа материалдардың максималды үлесі сақталып, қолжазбаның тарихи, кодикологиялық және музейлік құндылығы толық көлемде қамтамасыз етілді. Бұл тәсіл қолжазбаны ұзақ мерзімді сақтауға ғана емес, оны ғылыми айналымда қауіпсіз пайдалануға, цифрландыруға және экспозициялық қызметке енгізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет кітапхана-музейі қорында сақталған «Сайид Баттал Ғазиз» қолжазбасының Батталнама дәстүріндегі орнын, материалдық құрылымын, мәтіндік сипатын және сақталу жағдайын кешенді түрде айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері бұл нұсқаның тек эпикалық мәтін көшірмесі ғана емес, XIX ғасырдағы Орталық Азиядағы түркі-ислам қолжазба мәдениетінің материалдық, тілдік және реставрациялық тұрғыдан маңызды дереккөзі екенін көрсетті.

Кодикологиялық талдау қолжазбаның еуропалық фабрикалық қағазға көшірілгенін, мәтіннің араб графикасындағы насталик үлгісімен жазылғанын, кітап блогының бастапқыда дәптерлік құрылым арқылы ұйымдастырылғанын және тұтас былғары мұқабамен түптелгенін анықтады. Қағаздағы фабрикалық штемпель, мәтін өрісінің орналасуы, жол саны, кустодалардың болуы, сияның түсі мен сақталу сипаты, түптеу конструкциясы және кейінгі жөндеу іздері қолжазбаны XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Орталық Азия кітап айналымы аясында қарастыруға негіз береді. Бұл белгілер қолжазбаның тек мәтін

тасымалдаушы нысан емес, нақты тарихи ортада жасалып, қолданылып, қайта жөнделіп отырған материалдық мәдениет ескерткіші екенін дәлелдейді.

Қолжазбаның сақталу жағдайы оның ұзақ уақыт белсенді пайдаланылғанын көрсетеді. Кітап блогының бірнеше дәптерге ажырауы, бастапқы тігістердің үзілуі, омыртқа бөлігінің бұзылуы, мұқабаның кейінгі матамен қапталуы, түп аймағындағы әртүрлі жіптердің қолданылуы және архивтік тігіс іздері қолжазбаның бірнеше кезеңде жөндеуден өткенін айғақтайды. Бұл деректер қолжазбаның пайдалану тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік береді және Орталық Азиядағы қолжазба кітаптарды сақтау мен жөндеудің дәстүрлі әрі кейінгі кезеңдік тәжірибелерін салыстыра зерттеуге негіз болады.

Мәтінтанулық тұрғыдан қолжазба Батталнама дәстүрінің Қазақстан қорларындағы маңызды нұсқаларының бірі ретінде бағаланады. Титулдық беттің қатты зақымдануына қарамастан, негізгі мәтін басталатын бетте «*قصة سيد بطل غزي*» атауы мен басмала сақталған. Бұл қолжазбаның исламдық кітап жазу дәстүріне сәйкес рәсімделгенін көрсетеді. Мәтін шағатай әдеби тілі негізінде көшірілгенімен, онда қыпшақтық тілдік элементтердің болуы оның Орталық Азиядағы түркі жазба дәстүрімен тығыз байланысын көрсетеді. Сондықтан бұл нұсқа Батталнама мәтіндерінің өңірлік бейімделуін, тілдік қабаттарын және жергілікті әдеби ортадағы қабылдану ерекшеліктерін зерттеу үшін маңызды.

Зерттеу барысында қолжазбаның мәтіндік құрылымы толық ашылып бітпегенімен, қазіргі анықталған деректер оның болашақ текстологиялық жұмыс үшін жоғары ғылыми әлеуетке ие екенін дәлелдейді. Алдағы уақытта мәтіннің ішкі фрагменттерін түрік, татар, қазандық баспа және басқа да Батталнама нұсқаларымен салыстыру арқылы қолжазбаның редакциялық сипатын, қысқартылған немесе толықтырылған тұстарын, сюжет желісіндегі ауытқуларды, ономастикалық қабатын және лексикалық ерекшеліктерін нақтылауға болады. Бұл жұмыс аталған нұсқаның Батталнама қолжазбалары арасындағы генеалогиялық орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Реставрациялық-консервациялық зерттеу қолжазбаның физикалық жағдайын тұрақтандыруға және оның ғылыми айналымда қауіпсіз пайдаланылуына жағдай жасады. Реставрацияға дейін қолжазбаның конструкциялық тұтастығы едәуір бұзылған: кітап блогы мұқабадан ажыраған, дәптерлердің байланысы әлсіреген, парақтарда жыртылу, үгітілу, қатпарлану және механикалық деформациялар байқалған. Сондықтан реставрациялық араласу қолжазбаның бастапқы құрылымын мүмкіндігінше сақтай отырып, оның әрі қарай бұзылу қаупін азайтуға бағытталды.

Қағаздың рН көрсеткішін анықтау, сия тұрақтылығын тексеру, парақтардың физикалық беріктігін бағалау, реставрацияға дейінгі және кейінгі фото-тіркеу, реставрация паспортын толтыру, бақылау нөмірлерін қою сияқты жұмыстар реставрация үдерісінің ғылыми құжатталуын қамтамасыз етті. Парақтардың механикалық тазартылуы, жыртылған және жоғалған бөліктерінің жапон қағазы мен реставрациялық қағаз арқылы толықтырылуы, фальцовка мен престеу, кітап блогын шығыстық ислам кітаптарына тән тізбекті тігіс әдісімен қайта тігу, блок түбін реставрациялық марлямен бекіту және түпнұсқа мұқабаны сақтай отырып қайта орнату қолжазбаның құрылымдық тұрақтылығын қалпына келтірді.

Реставрация барысында қолжазбаның түпнұсқалық сипатын сақтау негізгі қағидат ретінде алынды. Мұқабаның тарихи былғары негізі сақталып, зақымданған бөліктері үйлесімді реставрациялық материалдармен толықтырылды. Кейінгі кезеңдерде қосылған мата қаптама, ескертпе жазбалар және негізгі мәтінге тікелей қатысы жоқ қосымша материалдар жеке тарихи элемент ретінде сақталды. Бұл шешім қолжазбаның тек бастапқы жасалу кезеңін ғана емес, оның кейінгі пайдалану және сақталу тарихын да ғылыми дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің басты ғылыми нәтижесі – қолжазбаның материалдық құрылымы, мәтіндік сипаты және реставрациялық жағдайы бір-бірінен бөлек емес, өзара байланысты жүйе ретінде қарастырылды. Кодикологиялық деректер қолжазбаның жасалу және пайдалану тарихын

анықтауға мүмкіндік берсе, мәтінтанулық бақылаулар оның Батталнама дәстүріндегі орнын нақтылауға бағыт береді. Ал реставрациялық талдау қолжазбаның қазіргі физикалық жағдайын тұрақтандырып қана қоймай, оның болашақ ғылыми зерттеулерге қолжетімді болуын қамтамасыз етті.

Осылайша, «Сайид Баттал Ғази» қолжазбасы Батталнама дәстүрінің Қазақстан аумағындағы таралуын айғақтайтын маңызды жазба мұра ретінде бағаланады. Ол XIX ғасырдағы Орталық Азиядағы шағатай-қыпшақ жазба дәстүрін, исламдық кітап мәдениетін, қолжазба мәтіндерінің өңірлік айналымын және сирек кітаптарды сақтау тәжірибесін зерттеуге нақты дерек береді. Бұл қолжазбаны кешенді зерттеу Қазақстан қорларындағы түркі эпикалық мұрасын ғылыми сипаттау, сақтау және мәтіндік айналымға енгізу бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Алдағы зерттеу жұмыстары бірнеше нақты бағытта жалғасуы тиіс. Біріншіден, қолжазбаның толық ғылыми транскрипциясы әзірленуі қажет. Екіншіден, мәтін белгілі түрік, татар және қазандық Батталнама нұсқаларымен салыстырылып, оның редакциялық ерекшеліктері анықталуы тиіс. Үшіншіден, қағаз, сия және былғары материалдарына қосымша физика-химиялық талдау жүргізу қажет. Төртіншіден, реставрациядан кейінгі қолжазбаның цифрлық көшірмесі жасалып, ғылыми сипаттамасы толық каталогтық форматта дайындалуы тиіс. Осы жұмыстар жүзеге асқан жағдайда «Сейид Баттал Ғази» қолжазбасы Қазақстандағы Батталнама дәстүрін ғана емес, жалпы түркі-ислам қолжазба мұрасын зерттеудің маңызды дереккөздерінің біріне айналады.

Әдебиеттер:

Белобородов, 1997 – *Белобородов С.А.* Штемпели на бумаге уральского производства (вторая половина XIX – начало XX в.) // Уральский сборник: История. Культура. Религия. Екатеринбург, 1997. С. 28–32.

Бабалар сөзі, 2005a – *Бабалар сөзі*: Жүз томдық. 13-том. Діни дастандар / Томды құраст., ғылыми қосымшаларын дайындағандар Қ. Алпысбаева, Т. Әлбек, П. Әуесбаева, С. Қосан. Астана: Фолиант, 2005. 352 б.

Бабалар сөзі, 2005b – *Бабалар сөзі*: Жүз томдық. 14-том. Діни дастандар. Астана: Фолиант, 2005. 380 б.

Adcock, 1998 – *Adcock E.P.* IFLA Principles for the Care and Handling of Library Material / Comp. and ed. E.P. Adcock; with the assistance of M.-T. Varlamoff, V. Kremp. Paris: IFLA-PAC, 1998. 72 p.

Banik, Brückle, 2011 – *Banik G., Brückle I.* Paper and Water: A Guide for Conservators. Amsterdam; Boston: Butterworth-Heinemann-Elsevier, 2011. 544 p.

Cicioğlu, 2013a – *Cicioğlu M.N.* Kazak Türkçesiyle Yazılmış Olan Battalnâmelerin Tespiti ve Tınışlıkoğlu'nun Battalnâmesi Üzerine Bir İnceleme // Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi. 2013. Cilt: 6. Sayı: 26. Sf. 109–125.

Cicioğlu, 2013b – *Cicioğlu M.N.* Kırgız Türkçesiyle Yazılmış Olan Seyyid Battal Gazi Destanı Üzerine Bir İnceleme // Turkish Studies. 2013. Cilt: 8. Sayı: 4. Sf. 427–440. DOI: 10.7827/TurkishStudies.4741.

Dedes, 1996 – *Dedes Y.* Battalname: Giriş, İngilizce Tercüme, Türkçe Metin, Yorum ve Tıpkıbasım = Battalname: Introduction, English Translation, Turkish Transcription, Commentary and Facsimile. Parts 1–2. Cambridge, MA: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations, 1996.

Ethé, 1871 – *Ethé H.* Die Fahrten des Sajjid Batthâl: Ein alttürkischer Volks- und Sittenroman. Bd. I–II. Leipzig: F.A. Brockhaus, 1871.

Fleischer, 1848 – *Fleischer H.L.* Über den türkischen Volksroman Sîreti Sejjid Batthâl // Berichte über die Verhandlungen der Königlich Sächsischen Gesellschaft der Wissenschaften zu Leipzig. 1848. Bd. II. S. 35–41, 150–169.

Fleischer, 1982 – *Fleischer H.L.* Türk Halk Romanı Seyyit Battal Hakkında / Çev. Battal İnandı // Millî Kültür. 1982. Sayı: 37. Sf. 50–54.

Köksal, 1984 – *Köksal H.* Battalnâmelerde Tip ve Motif Yapısı. Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı, 1984. 211 s.

Köprülü, 1980 – *Köprülü M.F.* Türk Edebiyatı Tarihi. İstanbul: Ötüken Neşriyat, 1980.

Ocak, 1979 – *Ocak A.Y.* Sarı Saltık ve Saltıknâme // Türk Kültürü. 1979. Yıl: XVII. Sayı: 197. Sf. 266–275.

Ocak, 1992 – *Ocak A.Y.* Battalnâme // Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Ansiklopedisi. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı, 1992. Cilt: 5. Sf. 206–208.

Petherbridge, 1987 – *Petherbridge E.G.* Conservation of Library and Archive Materials and the Graphic Arts. London; Boston: Butterworths, 1987. 328 p.

Tatarica – *Tatarica*. Кысса-и Саид-Баттал газый // Татарская энциклопедия. [Электронды песте] URL: <https://tatarica.org/ru/razdely/kultura/literatura/tatarskaya-literatura/kyssa-i-said-battal-gazyj> (Қаралған күні: 16.07.2026).

References:

Beloborodov, 1997 – *Beloborodov S.A.* Shtempeli na bumage uralskogo proizvodstva (vtoraya polovina XIX – nachalo XX v.) [Stamps on Ural-manufactured paper (second half of the 19th – early 20th century)] // Uralskiy sbornik: Istoriya. Kultura. Religiya. Ekaterinburg, 1997. P. 28–32. (in Rus).

Babalar sozi, 2005a – *Babalar sozi: Zhuz tomdyq. 13-tom. Dini dastandar* [Words of the Ancestors: In One Hundred Volumes. Vol. 13. Religious Epics] / Tomdy qurast., gylimi qosymshalaryn daiyndagan Q. Alpysbaeva, T. Albek, P. Auesbaeva, S. Qosan. Astana: Foliant, 2005. 352 p. (in Kaz).

Babalar sozi, 2005b – *Babalar sozi: Zhuz tomdyq. 14-tom. Dini dastandar* [Words of the Ancestors: In One Hundred Volumes. Vol. 14. Religious Epics]. Astana: Foliant, 2005. 380 p. (in Kaz).

Adcock, 1998 – *Adcock E.P.* IFLA Principles for the Care and Handling of Library Material / Comp. and ed. E.P. Adcock; with the assistance of M.-T. Varlamoff, V. Kremp. Paris: IFLA-PAC, 1998. 72 p.

Banik, Brückle, 2011 – *Banik G., Brückle I.* Paper and Water: A Guide for Conservators. Amsterdam; Boston: Butterworth-Heinemann/Elsevier, 2011. 544 p.

Cicioğlu, 2013a – *Cicioğlu M.N.* Kazak Türkçesiyle Yazılmış Olan Battalnâmelerin Tespiti ve Tınışlıkoğlu'nun Battalnâmesi Üzerine Bir İnceleme [Identification of Battalname texts written in Kazakh Turkish and a study on Tınışlıkoğlu's Battalname] // Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi. 2013. Cilt: 6. Sayı: 26. Sf. 109–125. (in Tur).

Cicioğlu, 2013b – *Cicioğlu M.N.* Kırgız Türkçesiyle Yazılmış Olan Seyyid Battal Gazi Destanı Üzerine Bir İnceleme [A study on the Epic of Seyyid Battal Gazi written in Kyrgyz Turkish] // Turkish Studies. 2013. Cilt: 8. Sayı: 4. Sf. 427–440. DOI: 10.7827/TurkishStudies.4741. (in Tur).

Dedes, 1996 – *Dedes Y.* Battalname: Giriş, İngilizce Tercüme, Türkçe Metin, Yorum ve Tıpkıbasım [Battalname: Introduction, English Translation, Turkish Transcription, Commentary and Facsimile]. Parts 1–2. Cambridge, MA: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations, 1996. (in Tur, Eng).

Ethé, 1871 – *Ethé H.* Die Fahrten des Sajjid Batthâl: Ein alttürkischer Volks- und Sittenroman [The Adventures of Sajjid Batthâl: An Old Turkish Folk and Social Romance]. Bd. I–II. Leipzig: F.A. Brockhaus, 1871. (in Ger).

Fleischer, 1848 – *Fleischer H.L.* Über den türkischen Volksroman Sîreti Sejjid Batthâl [On the Turkish folk romance Sîreti Sejjid Batthâl] // Berichte über die Verhandlungen der Königlich Sächsischen Gesellschaft der Wissenschaften zu Leipzig. 1848. Bd. II. S. 35–41, 150–169. (in Ger).

Fleischer, 1982 – *Fleischer H.L.* Türk Halk Romanı Seyyit Battal Hakkında [On the Turkish folk romance Seyyit Battal] / Çev. Battal İnandı // Millî Kültür. 1982. Sayı: 37. Sf. 50–54. (in Tur).

Köksal, 1984 – *Köksal H.* Battalnâmelerde Tip ve Motif Yapısı [The structure of character types and motifs in Battalnames]. Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı, 1984. 211 p. (in Tur).

Köprülü, 1980 – *Köprülü M.F.* Türk Edebiyatı Tarihi [History of Turkish Literature]. İstanbul: Ötüken Neşriyat, 1980. (in Tur).

Ocak, 1979 – *Ocak A.Y.* Sarı Saltık ve Saltıknâme [Sarı Saltık and the Saltıknâme] // Türk Kültürü. 1979. Yıl: XVII. Sayı: 197. Sf. 266–275. (in Tur).

Ocak, 1992 – *Ocak A.Y.* Battalnâme [Battalnâme] // Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Ansiklopedisi [Encyclopaedia of Islam of the Türkiye Diyanet Foundation]. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı, 1992. Cilt: 5. Sf. 206–208. (in Tur).

Petherbridge, 1987 – *Petherbridge. E.G.* Conservation of Library and Archive Materials and the Graphic Arts / London; Boston: Butterworths, 1987. 328 p.

Tatarica – *Tatarica: Kyssa-i Said-Battal gazy* [The Tale of Said-Battal Gazi] // Tatarskaya entsiklopediya [TATARICA: Tatar Encyclopedia]. [Elektronnyy resurs] URL: <https://tatarica.org/ru/razdely/kultura/literatura/tatarskaya-literatura/kyssa-i-said-battal-gazyj> (Qaralgan kuni: 16.07.2026). (in Rus).

^{1*} Абдраханов Д.М.  Жиренов А.А.  Бейсегулова А.К. 

^{1,2.} РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК, ³ КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан E-mail: ^{1*}dinmuhammed.qo@gmail.com ²ulkiekiaksart@gmail.com ³Beysegulovaak@gmail.com

КОДИКОЛОГИЧЕСКИЕ, ТЕКСТОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И РЕСТАВРАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ (НА ПРИМЕРЕ РУКОПИСИ «САИД БАТТАЛ»)

Аннотация. Цель исследования – комплексное изучение рукописи «Сейид Баттал» (инв. № 432), хранящейся в фонде Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы», для определения ее материальной структуры, текстологических и языковых особенностей, места в традиции «Батталнаме» (بطالنامه) и состояния сохранности. В работе применены кодикологический, палеографический, сравнительно-текстологический и реставрационно-консервационный методы. Кодикологическое и палеографическое исследование бумаги, структуры тетрадей, письма, переплета и следов позднейших вмешательств позволило установить, что рукопись была переписана в XIX веке арабской графикой на европейской бумаге фабричного производства на чагатайском языке с преобладанием кыпчакских элементов. Сравнительно-текстологический метод реализован путем построчного сопоставления фрагментов исследуемой рукописи с парижским списком «Кисса-и Сайид Баттал Гази» (инв. № turc 340). Установлена принадлежность двух списков к общей текстовой традиции, при этом выявлены различия в их композиционной структуре и лексическом употреблении. Научная новизна заключается в первом комплексном рассмотрении кодикологических, палеографических, текстологических и реставрационно-консервационных особенностей данной рукописи во взаимосвязи. В рамках реставрационно-консервационной диагностики исследованы конструктивная целостность рукописи, состояние бумажной основы, чернил и переплета. Микроскопическим методом изучены морфологические особенности бумажных волокон, а флороглюциновой пробой проверено наличие лигнина. По

результатам диагностики проведены механическая очистка, нейтрализация, восполнение поврежденных участков японской бумагой и консервационное укрепление, что позволило стабилизировать физическое состояние рукописи. Результаты исследования свидетельствуют, что «Сейид Баттал» является важным письменным источником, отражающим распространение и сохранение традиции «Батталнаме» на территории Казахстана. Полученные данные способствуют введению рукописи в научный оборот, дальнейшему изучению текстовых взаимосвязей между списками «Батталнаме» и совершенствованию научных подходов к сохранению тюркского письменного наследия.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках научно-технической программы BR28713619 Междисциплинарные исследования и пополнение коллекций палеонтологии, зоологии, археологии, археографии новыми материалами (на базе музеев «Ғылым ордасы»).

Ключевые слова: Сайид Баттал, Баттал Гази, Батталнаме, рукопись, кодикология, текстология, реставрация, консервация, чагатайский язык, арабская графика, культурное наследие.

^{1*}Abdrakhanov D.  Zhirenov A.  Beisegulova A. 

^{1,2} RSE “Gylym ordasy” CS MSHE RK, ³KazNU Al-Farabi Almaty, Kazakhstan

E-mail: ^{1*}dinmuhammed.qo@gmail.com ²ulkiakiaksart@gmail.com

³Beysegulovaak@gmail.com

CODICOLOGICAL AND TEXTUAL STUDIES AND CONSERVATION-RESTORATION ANALYSIS (THE CASE OF THE “SAYYID BATTAL” MANUSCRIPT)

Abstract. The aim of this study is to provide a comprehensive examination of the *Seyid Battal* manuscript (Inv. No. 432), preserved in the Central Scientific Library of the RSE “Gylym Ordasy”, in order to determine its material structure, textual and linguistic features, place within the *Battalname* (بطالنامه) tradition, and state of preservation. The study employs codicological, paleographic, comparative-textual, and conservation-restoration methods. Codicological and paleographic examination of the paper, quire structure, script, binding, and traces of later interventions established that the manuscript was copied in the nineteenth century in Arabic script on European machine-made paper, in Chagatai with predominantly Kipchak linguistic elements. The comparative-textual method involved a line-by-line comparison of selected fragments with the Paris manuscript *Qissa-i Sayyid Battal Ghazi* (Inv. No. turc 340). The analysis demonstrated that both manuscripts belong to a common textual tradition while revealing differences in their compositional structure and lexical usage. The scientific novelty of the study lies in the first integrated examination of the manuscript’s codicological, paleographic, textual, and conservation-restoration characteristics. Conservation diagnostics assessed the structural integrity of the manuscript and the condition of its paper, ink, and binding. Microscopic examination was used to investigate the morphology of paper fibers, while a phloroglucinol test was applied to detect lignin. Based on the diagnostic results, mechanical cleaning, neutralization, infilling of damaged areas with Japanese paper, and conservation reinforcement were carried out, stabilizing the manuscript’s physical condition. The findings demonstrate that *Sayyid Battal* is an important written source documenting the transmission and preservation of the *Battalname* tradition in Kazakhstan. The results contribute to introducing the manuscript into scholarly circulation, further comparative study of *Battalname* manuscripts, and the development of scientifically grounded approaches to preserving Turkic written heritage.

Acknowledgement: This research was conducted within the framework of the scientific and technical programme BR28713619, Interdisciplinary Research and the Enrichment of Palaeontological, Zoological, Archaeological, and Archaeographic Collections with New Materials (Based on the Museums of “Gylym Ordasy”).

Keywords: Seyyid Battal, Battal Gazi, Battalname, manuscript, codicology, textual criticism, restoration, conservation, Chaghatay language, Arabic script, cultural heritage.

Авторлар туралы мәліметтер

Абдраханов Д.М. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Реставрация және консервация орталығының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Жиренов А.А. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан

Бейсегулова А.К. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент-зерттеуші PhD доктор, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Абдраханов Д.М. – магистр гуманитарных наук, главный научный сотрудник Центра реставрации и консервации РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

Жиренов А.А. – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, заведующий Музеем редких книг РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

Бейсегулова А.К. – доктор PhD, доцент-исследователь КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Abdrakhanov D. – Master of Humanities, Chief Researcher, Center for Restoration and Conservation, RSE on REM *Gylym Ordasy*, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Zhirenov A. – PhD Candidate, Al-Farabi Kazakh National University; Head of the Museum of Rare Books, RSE on REM *Gylym Ordasy*, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Beisegulova A. – PhD, Research Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 19 маусым 2026 жыл
Қабылданды 12 тамыз 2026 жыл*